ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ
ЗЕЙНОЛЛА СӘНІК АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҚОРЫ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Қазақстан және дүниежүзі тарих кафедрасы және Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры **2026 жылғы 10 қарашада** көрнекті жазушы, тарихшы, этнограф, фольклоршы Зейнолла Сәніктің мұрасы мен қазақ этнографиясына арналған **«Қазақ этнографиясы тағылымы және Зейнолла Сәнік мұрасы» атты Бірінші облыстық тарихи-танымдық байқау** өткізеді.

Байқауға ЖОО және колледж студенттері, мектеп оқушылары қатыса алады.

Байқаудың мақсаты:

○ көрнекті жазушы, тарихшы, этнограф, фольклоршы Зейнолла Сәніктің шығармашылық және ғылыми мұрасын, қазақ этнографиясындағы орны мен қызметін жастар арасында зерттеу және насихаттау;

○ білімгер жастардың ұлттық этнографияға, халықтық дәстүрлерге, көркемсөз өнеріне деген қызығушылығын арттыру, бойларындағы зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін ұштау, бағалау, бағыт-бағдар беру, қолдау көрсету;

○ білімгер жастардың өткенді зерттеу арқылы тарихты жаңа қырынан танып білуді үйренуі.

Байқау аясында өткізілетін іс-шаралар:

- «Қазақ этнографиясы тағылымы және Зейнолла Сәнік мұрасы» эссе байқауы;
- «Қазақ этнографиясы Зейнолла Сәнік еңбектерінде» тест сайысы;
- «Ұлттық құндылықтар және Зейнолла Сәнік мұрасы» тақырыбында презентация қорғау.

«Қазақ этнографиясы тағылымы және Зейнолла Сәнік мұрасы» облыстық тарихи-танымдық байқауы туралы жалпы ереже, байқауды жүзеге асыру тәртібі және ұйымдастыру мәселелері ***1-қосымшада.***

Байқаудың өтетін орны: Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті, бас оқу ғимараты (Атырау қаласы, Студенттер даңғылы, 1).

Байқау жеңімпаздары және белсенді қатысушылар Дипломмен, Алғыс хаттармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Байқауға қатысу өтінімдері «Қазақ этнографиясы тағылымы және Зейнолла Сәнік мұрасы» атты Бірінші облыстық тарихи-танымдық байқауды ұйымдастыру комитетіне e-mail: z.sanikcontest@gmail.com электронды адресіне **2026 жылғы 5 қарашаға** дейін жіберілуі қажет.

Қатысу өтінімдері

№	Мәлімет	
1	Тегі, аты-жөні	
2	ЖОО, колледж, мектеп (толық атауы), курс, мамандығы, сыныбы	
3	Байланыс телефоны	
4	Электронды поштасы	
5	Жетекшісі жайлы мәлімет (тегі, аты-жөні, лауазымы)	

Ұйымдастыру комитеті:

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Қазақстан және дүниежүзі тарих кафедрасы және Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры.

Байланыс телефондары:

+7 778 903 6415

+7 775 302 8628

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Х. ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

БЕКІТІЛДІ
Басқарма мүшесі – академиялық
мәселелер жөніндегі проректор
А.Е. Чукуров
18 қыркүйек 2026 ж.

«ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯСЫ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЗЕЙНОЛЛА СӘНІК МҰРАСЫ» облыстық тарихи-танымдық байқауы туралы ЕРЕЖЕ

Атырау, 2026

І. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Қазақ этнографиясы тағылымы және Зейнолла Сәнік мұрасы» облыстық тарихи-танымдық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастырудың және оны әдістемелік қамтамасыз етудің тәртібі осы Ережеде (бұдан әрі – Ереже) айқындалады.

1.2. Байқау шаралар кешені болып табылады және оны Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті Қазақстан және дүниежүзі тарих кафедрасы мен Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет Қоры кафедраның және Қордың академиялық күнтізбесіне сәйкес ұйымдастырады.

1.3. Байқау жылына бір рет жоғары, арнаулы орта оқу орындары, жалпы білім беретін және жеке меншік мектептерінің оқушылары арасында ұйымдастырылады.

1.4. Байқаудың мақсаттары:

1.4.1. көрнекті жазушы, тарихшы, этнограф, фольклоршы Зейнолла Сәніктің шығармашылық және ғылыми мұрасын, қазақ этнографиясындағы орны мен қызметін жастар арасында зерттеу және насихаттау;

1.4.2. білімгер жастардың ұлттық этнографияға, халықтық дәстүрлерге, көркемсөз өнеріне деген қызығушылығын арттыру, бойларындағы зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін ұштау, бағалау, бағыт-бағдар беру, қолдау көрсету;

1.4.3. білімгер жастардың өткенді зерттеу арқылы тарихты жаңа қырынан танып білуі;

1.4.4. білімгер жастардың тарихи зерттеу жүргізудің негізгі дағдыларын меңгеру арқылы өзін «жас зерттеуші» немесе «жас тарихшы» ретінде сезініп, ақпаратты тиісінше іздеп, оны түсініп, ой елегінен өткізуге үйренуі.

1.5. Байқаудың күтілетін нәтижелері:

1.5.1. білімгер жастардың танымдық көкжиегі кеңейіп, тарихи құбылыстарды талдау, интерпретациялау және себеп-салдарлық байланыстарды түсіну қабілеті тереңдейді;

1.5.2. зияткерлік және тарихи сауаттылықтың дамуы білімгер жастардың өткен оқиғаларды қазіргі заманның құбылыстарымен байланыстыра түсіну қабілетін нығайтып, тарихи контекстке негізделген ойлау мәдениетін қалыптастырады.

1.6. Байқау қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

1.7. Байқауға қатысу тегін.

II. «ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯСЫ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЗЕЙНОЛЛА СӘНІК МҰРАСЫ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ БАЙҚАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

2.1. Байқау аясында өткізілетін іс-шаралар:

- «Қазақ этнографиясы тағылымы және Зейнолла Сәнік мұрасы» эссе байқауы;
- «Қазақ этнографиясы Зейнолла Сәнік еңбектерінде» тест сайысы;
- «Ұлттық құндылықтар және Зейнолла Сәнік мұрасы» тақырыбында презентация қорғау.

2.2. Эссе тақырыптары сайыс күні ұсынылады.

2.3. Байқауға қатысушы Ұйымдастыру комитеті бекіткен тақырыптардың ішінен өз қалауымен бір тақырыпты таңдап алып, 90 (тоқсан) минут уақыт ішінде эссе жазып шығуы тиіс.

2.4. Эссе көлемі 350-400 (үш жүз елу – төрт жүз) сөз құрайды.

2.5. Эссе үшін қойылатын ең жоғары ұпай саны – 40 (қырық) балл.

2.6. Эссе құрылымы кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

2.7. Эссенің кіріспесінде берілген тақырыптың мәні мен маңызы ашылады, негізгі ой, мәселе немесе зерттеу сұрағы айқындалады, тақырыптың өзектілігі қысқа әрі нақты көрсетіледі.

2.8. Эссенің негізгі бөлімінде туындаған сұраққа қатысты нақты дәлелдер келтіріледі, Зейнолла Сәнік мұрасы мен қазақ этнографиясына байланысты өзіндік ой тұжырымдалады, тарихи-этнографиялық деректер, автордың жеке пайымдаулары және логикалық аргументтер жүйелі түрде беріледі.

2.9. Эссенің қорытынды бөлімінде негізгі бөлімде ұсынылған дәлелдемелер жинақталып, қорытындыланады, автордың өзіндік ұстанымы нақты тұжырымдалып, тақырыптың маңыздылығы қайта атап өтіледі.

2.10. Эсседе пайдаланған әдебиеттер тізімін көрсету міндетті.

2.11. Эссеге қойылатын негізгі талаптар:

2.11.1. эсседе автордың жеке ұстанымы мен көзқарасы анық байқалуы шарт, жұмыс тек фактілерді қайталап баяндаумен шектелмеуі тиіс;

2.11.2. эссенің негізгі ойы логикалық жүйемен, ішкі мағыналық бірлікпен және бірізділікпен берілуі тиіс, бөлімдер арасында логикалық байланыс сақталуы қажет;

2.11.3. эсседегі мақал-мәтелдер, афоризмдер немесе ғалымдардың қанатты сөздерімен дәйектелуі керек;

2.11.4. эсседе Зейнолла Сәніктің этнографиялық еңбектеріне немесе шығармаларына сілтеме жасау ұсынылады (нақты еңбек атауы немесе негізгі идеяны көрсету жоғары бағаланады);

2.11.5. эсседе бейнелі, образды сөздердің, көркемдеуіш құралдардың қолданылуы шарт және тіл байлығы мен стилистикалық әрлендіру ескеріледі;

2.11.6. эсседе грамматикалық, орфографиялық және стилистикалық нормалар толық сақталуы тиіс, тілдік қателер бағаны төмендетеді.

2.12. Эссені бағалау критерийлері:

№	Критерий	Балл
1	Тақырыптың толық ашылуы және құрылымның сақталуы (кіріспе – негізгі бөлім – қорытынды – пайдаланған әдебиеттер тізімі)	0–5
2	Зейнолла Сәнік мұрасы мен қазақ этнографиясына байланысты өзіндік ой мен дәлелдердің тереңдігі	0–10
3	Логикалық жүйелілік, ойдың бірізділігі және ішкі мағыналық бірлік	0–10
4	Мақал-мәтел, афоризм, ғылыми сілтемелердің орынды қолданылуы	0–5
5	Бейнелі тіл, образдылық және стилистикалық сапа	0–5
6	Грамматикалық, орфографиялық және стилистикалық нормалардың сақталуы	0–5
	Барлығы:	40

2.13. «Қазақ этнографиясы Зейнолла Сәнік еңбектерінде» тест сайысының негізгі мақсаты – байқауға қатысушылардың Зейнолла Сәніктің өмірі мен шығармашылығы, сондай-ақ қазақ халқының тұрмыс-салты, рухани және материалдық мәдениеті туралы білім деңгейін анықтау.

2.14. Тест мазмұны келесі бағыттарды қамтиды:

2.14.1. Зейнолла Сәніктің өмірбаяны, шығармашылық жолы және негізгі еңбектері;

2.14.2. Зейнолла Сәніктің этнографиялық зерттеулері мен ғылыми мұрасы;

2.14.3. қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салты, әдет-ғұрыптары мен ырымдары;

2.14.4. қазақ халқының рухани мәдениеті (ауыз әдебиеті, наным-сенім, мерекелер, әдет-ғұрыптар);

2.14.5. қазақ халқының материалдық мәдениеті (киім-кешек, тұрмыстық бұйымдар, қолөнер, баспана, тамақтану мәдениеті).

2.15. Тест сұрақтары 30 (отыз) сұрақтан тұрады (жабық типтегі сұрақтар).

2.16. Тест уақыты – 45 (қырық бес) минут. Әр дұрыс жауапқа 1 (бір) балл беріледі.

2.17. Ескерту: Тест материалдарын Ұйымдастыру комитеті алдын-ала дайындайды және байқау күні таратылады.

2.18. «Ұлттық құндылықтар және Зейнолла Сәнік мұрасы» тақырыбында презентациялық қорғау Қазылар алқасы және басқа да қатысушылар алдында өтеді.

2.19. Қазылар алқасы құрамына Қор қызметкерлері, университет ғалымдары, этнография мамандары, Ұйымдастыру комитеті мүшелері енеді.

2.20. «Ұлттық құндылықтар және Зейнолла Сәнік мұрасы» тақырыбында презентациялық қорғау форматы:

2.20.1. әр қатысушы 5–7 минуттық презентацияны алдын-ала дайындап әкеледі;

2.20.2. презентацияда Зейнолла Сәніктің ұлттық құндылықтарға қатысты өзіндік көзқарасы, зерттеу нәтижелері немесе ой-тұжырымдары берілуі тиіс;

2.20.3. презентациялық қорғау барысында сұрақ-жауап және пікір алмасу құпталады;

2.20.4. егер қатысушылар топтық жұмысты таңдаса, топта 3-тен аспайтын қатысушы саны болу қажет.

2.21. «Ұлттық құндылықтар және Зейнолла Сәнік мұрасы» тақырыбында презентациялық қорғаудың бағалау критерийлері:

2.21.1. презентация материалының мазмұндылығы мен тереңдігі;

2.21.2. презентацияда Зейнолла Сәнік еңбектеріне және этнограф ғалымдарға сілтеме жасау;

2.21.3. презентацияда ұлттық құндылықтарға қатысты ұстанымның болуы;

2.21.4. презентацияның құрылымы, көрнекілігі және қатысушылардың сөйлеу мәдениеті талапқа сай болуы тиіс.

2.22. Презентациямен қорғау 20 (жиырма) баллға дейін бағаланады.

2.23. Қатысушылар презентация жұмысында сенімді деректер мен дереккөздерге сүйенуі тиіс және барлық дереккөздерді дұрыс рәсімдеу мен көрсетуге міндетті.

2.24. Әрбір қатысушы жұмысы академиялық адалдық саясатына негізделуі тиіс, өзге автордың жұмысын толықтай немесе біраз бөлігін өзгеріссіз көшіріп, өзінікі етіп көрсеткен және/немесе пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетілмеген презентациялар Байқауға қатыса алмайды.

III. ҰЙЫМДАСТЫРУ СҰРАҚТАРЫ

3.1. Байқаудың өтетін орны мен уақыты туралы ақпарат Ақпараттық хат арқылы таратылады және https://atyrau.edu.kz/kz сайтында жарияланады.

3.2. Байқауға қатысушылар мен олардың жетекшілері байқау өтетін орынға өз бетімен келеді. Қатысушыларды байқау өтетін орынға жеткізу шығындары қатысушының немесе жіберуші ұйымның есебінен жүзеге асырылады.

3.3. Қатысушылар белгіленген уақыттан кешікпей келуі және тіркеуден өтуі тиіс.

3.4. Байқау кезінде қауіпсіздік, тәртіп сақтау және қатысушыларға жауапкершілік жетекшілердің мойнында болады.

3.5. Марапаттау рәсімі:

3.5.1. Қазылар алқасы барлық қатысушылар эссесін, тест жауаптарын және презентацияларды бағалап болған соң арнайы марапаттау рәсімі өткізіледі.

3.5.2. Байқау нәтижесінде 1, 2 және 3 орын иегерлері Дипломмен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

- I орын (біреу) – 300 000 (үш жүз мың) теңге;
- II орын (екеу) – 150 000 (жүз елу мың) теңге;
- III орын (үшеу) – 75 000 (жетпіс бес мың) теңге.

Сонымен қатар Алғыс хаттар мен ынталандыру сыйлықтары 20 000 (жиырма мың) теңгеден 5 (бес) адамға табыс етіледі.